«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

03.07.2018 № 02-03/1523

«Ниязбек Строй Сервис» ЖШС-не
Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, Кызыл Туран 24, niazbekb@mail.ru, тел 87023330132.

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің, Сайөтес ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* тарапынан №2582065-1 санды «Ақтаудан 280 шақырым, Шетпеден 130 шақырым жерде орналасқан, Сайөтес елді мекендері аумағының санитарлық тазалығын қамтамасыз ету» жұмысын сатып алу жөніндегі электронды конкурс тәсілімен өткізілген мемлекттік сатып алуына қатысты жазған 13.06.2018 жылғы №16606 санды шағымыңызға келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан аталған сатып алуға қатысты келтірген шағымыңыз бойынша мемлекеттік сатып алу заңнамасының сақталу мәселесіне камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесімен бұзушылық деректерінің орын алмағандығы назарыңызға беріледі.

Атап айтқанда Сіздің шағымыңызда көрсетілген «Нұрлы Жол Сервис» ЖШС-нің біліктілік туралы мәліметінің 2-тармағында әлі басталмаған көрсетілетін қызметтерді толтырылып көрсетілуі деген мән жайлар бойынша.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасының *(бұдан әрі – Қағида)* 154-тармағында конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін нөл бүтін оннан бес (0,5 %) пайыз, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді. Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері бес пайыздан аспайды.

Сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болғаны үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылатыны айтылған.

«Нұрлы Жол Сервис» ЖШС-нің біліктілік туралы мәліметте көрсетілген қызметтер шарттың жеңілдік бағаға әсер ететіні яғни біліктілік туралы мәліметінде көрсетілген қызымет бойынша комиссия мүшелері тарапынан шартты жеңілдік баға берілмеген.

Сонымен қатар, жалға алынған пагрузчик фронтальный LW 300 FN техникалық құжатындағы аты жөні Сералтаев Куанткан деп жазылған конкурстық құжаттамада жалғанған келісім шарт Саралтаев Куантанмен жасақталған. Техникалық құжатта техниканың жай күйін тексеру туралы бетінде техникалық

байқаудан өткендігі туралы ақпарат қолмен әдейі өшіріліп қайтадан түзетіліп жазылған. Бұл жалған құжат салу болып тур деген мәлімдемеңіз бойынша.

Қағиданың 168-тармағында, егер конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателіктер болса, ол конкурстық құжаттама талаптарына сай деп танылатыны көрсетілген.

Сондай-ақ, біліктілік туралы мәліметінің 4-тармағына сай жұмысшылар туралы ақпарат толтырылмаған деген шағымыңыз бойынша.

«Нұрлы Жол Сервис» ЖШС-нің ұсынған біліктілік туралы мәліметінің 4 – тармағында адам көрсетіліп конкурсты ұйымдастырушының техникалық ерекшелігінде адам саны көрсетілмеген.

Конкурсты ұйымдастырушының техникалық ерекшелігіне сай жұмысшы қызметкерлерді тасымалдауға рұқсат құжаттары жоқ және тұрмыстық техникалық қалдықтарды қабылдайтын мекемемен келісім-шарт жасақталған қосалық мердігер ретінде құжаттары салынбаған деген шағымыңыз бойынша конкурсты ұйымдастырушының тарапынан жұмысшыларды тасымалдуға және тұрмыстық қалдықтарды көму жөнінде конкурсты ұйымдастырушы тарапынан техникалық ерекшеліте талап етілмеген.

Қағиданың 6-қосымшасының ескертпесінің 2-тармағында растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болатыны нақты көрсетілген.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12-бабына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшының м.а **Қ.Нурмуканов**

Орын: Е.Башагулов.